

Қарақия аудандық мәслихатының 2021 жылғы 4 мамырдағы № 4/30 "Қарақия ауданы Бостан ауылдық округі бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 11/112 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 желтоқсанда № 26443 болып тіркелді

Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қарақия аудандық мәслихатының "Қарақия ауданы Бостан ауылдық округі бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4531 болып тіркелген) 2021 жылғы 4 мамырдағы № 4/30 шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қарақия ауданының Бостан ауылдық округінің жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы), бағалау аумақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы";

шешімнің 1, 2-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қарақия ауданы Бостан ауылдық округі бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Бостан ауылдық округінің бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекітілсін.";

шешімнің 2-қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия аудандық мәслихатының хатшысы

Ж. Қалаубай

2021 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 11/112

Қарақия аудандық мәслихатының

2021 жылғы 4 мамырдағы

№ 4/30 шешіміне 2-қосымша

Бостан ауылдық округі бойынша бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

--	--	--

Аумақтардың №	Бағалау аумақтарының шекараларының сипаттамасы	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері
I	Бірінші аймақ - селитебтік, бұл жерде жеке құрылыстар, негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектеп, спорт мектебі, Мәдениет үйі, Байланыс үйі, кітапхана, емхана, аурухана, мешіт, базар, шағын дүкендердің жеке желісі, кафелер, мейрамханалар шоғырланған.	1,5
II	Өнеркәсіп, көлік және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер.	1,3
III	Босалқы аймақ.	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК